

Бекітемін

Колутон ауылының жалпы орта білім беретін

мектебінің директоры  А.Аксеитова

05

01

2026ж.

2025-2026 оқу жылындағы Колутон ауылының ЖОББ мектебінің
жанындағы шағын орталықтың

ЦИКЛОГРАММАСЫ

Ересек топ

Тәрбиеші: Хасенова Г.Б.

ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022жылғы 9 қыркүйегіндегі №394 бұйрығына 2 қосымша, 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрық , №348 бұйрықтар негізінде құрылған 194 бұйрық 1, 2 қосымша , 26 мамыр 2025 №123 бұйрық «Адал азамат»Біртұтас тәрбие құндылықтары негізінде жасалып, «Адалдық әліппесі» бойынша дидактикалық ойындар жинағы кіріктірілген.

**Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Қаңтар 1-апта
Ересек 4-жас
Заң және тәртіп айы**

Апта Дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 05.01.2026	Сейсенбі 06.01.2026	Сәрсенбі 07.01.2026 Демалыс	Бейсенбі 08.01.2026	Жұма 09.01.2026
Балаларды қабылдау	Салемдесу Әр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Медбике тексеруі «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру		Салемдесу Жұмсақ, көңілді музыка қою арқылы баланың көңіл-күйін көтеру. Медбике тексеруі «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Жақсы көңіл күй тілеу, Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйрету. Медбике тексеруі «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Баланың тамақтануы, ұйқысы және жалпы жағдайы туралы сұрау. Қыс мезгілі келгенін балаларды жылы киіндіру туралы ескерту	Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру		Ата-аналармен әңгіме: Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	Ата –аналармен әңгіме: Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуника- тивтік, шығарма- шылдық, экспери- мен- талдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Тақырыбы: Ақырын және жылдам сөйлейміз Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, ақырын және жылдам сөйлеуге үйрету Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Тәрбиеші тапқакты алдымен ақырын, кейін жылдам айтып көрсетеді. Балалар жаңылтпаштарды әртүрлі қарқында қайталайды Көркем әдебиет: Қысқа өлең немесе мәтін тыңдалып, балалар мәтіндегі сөздерді тәрбиешімен бірге қайталайды Нәтиже: Балалар сөйлеу қарқынын ажыратып, сөздерді анық айтуға талпынады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Тақырыбы: Мамандықтар әлемі Міндеті: Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен толықтыру Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Мамандық суреттері көрсетіліп, олардың атаулары айтқызады. Балалар «Бұл кім?» сұрағына жауап береді Көркем әдебиет: Мамандықтар туралы қысқа әңгіме немесе өлең тыңдалып, таныс сөздер қайталанады Нәтиже: Балалар мамандық атауларын дұрыс айта алады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті		Тақырыбы: Сурет сөйлейді Міндеті: Затты немесе суретті өз бетінше қарап, сипаттап сөйлеуге үйрету Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Балалар суретке қарап, ондағы бейнеленген әрекеттерді сипаттайды, сөйлем құрайды Көркем әдебиет: Суретке сәйкес әдеби мәтін тыңдалып, мазмұны ретімен айтылып шығады Нәтиже: Балалар сурет бойынша байланыстырып сөйлеуге талпынады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Тақырыбы: Әдеби кейіпкерлерді түсінеміз Міндеті: Әдеби шығарманы мұқият тыңдау, мазмұнын түсіну және реттілікпен қайта айтуға үйрету Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін ретімен айтып беру, сұрақтарға жауап беру Көркем әдебиет: Әдеби шығарманы тыңдап, кейіпкерлерге жанашырлық танытып, оқиға желісін сақтай отырып қайта айту Нәтиже: Балалар әдеби шығарманың мазмұнын түсініп, сюжет желісін сақтай отырып айтып береді Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті
Таңертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу №1 Қарапайым қимылдар мен икемділікті дамыту Жүру: Адымдап жүру, аяқтың ұшымен жүру, артқа жүріп көргенін қайталау. Аяқтарды созу: Қолды белге қойып, екі аяқпен бірдей алға еңкейіп,	Таңғы жаттығу №2 Тепе-теңдікті дамыту Арқанмен жүріп өту: Тепе-теңдік сақтау үшін жерге қойылған арқанның үстімен жүру. Жеңіл секіру: Бір аяқпен секіріп, жерге келіп, тепе-теңдік сақтау.		Таңғы жаттығу №4 Жылдамдық пен ептілікті дамыту Жеңіл жүгіру: 3-5 метр қашықтықты адымдап жүгіру. Аяқтарды жылдам қозғалту: Аяқтың	Таңғы жаттығу №5 Жеңіл жүгіру: Балалармен бірге топ болып 2-3 метр қашықтықты жүгіру. Қолды көтеру және алға еңкею: Қолды жоғары көтеріп, денені бұрып, алға еңкею. Секіру: Екі аяқпен жерге секіріп түсу.

	қолды аяқтың ұшына жеткізу. Қолды көтеру: Қолды жоғары көтеру, кеңірек ашып, денені оң және солға бұру. Жеңіл секіру: Орындықтан төмен түсіп, екі аяқпен бірдей секіру.	Қолды көтеру: Жоғарыға қарау, қолды жоғары көтеріп, денені оң және солға бұру. Бір орында тұру: Бір аяқпен тұрып, бір минутқа дейін тепе-теңдікті сақтау.		ұшымен тез жүру, қолды жоғары көтеру. Аяқпен тепе-теңдікті сақтау: Жерге қойылған белгіге жақындап, аяқты жылдам ауыстырып жүру. Қосу және бөлу: Бір жерде тұрып, бір аяқпен секіруді екі рет қайталау	Жеңіл би қимылдары: Әнмен бірге топ болып би қимылдарын қайталау.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу		Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Музыка Тақырыбы: Музыка тыңдаймыз Міндеті: Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге үйрету, музыкаға қызығушылық тудыру Іс-әрекет барысы: Балалар музыкалық шығарманы тыңдайды. Тыңдаудан кейін тәрбиеші балалардан музыка қандай болғанын сұрайды. Балалар өз әсерлерін сөзбен жеткізеді. Қысқа әңгіме арқылы музыкаға деген қызығушылық арттырылады Нәтиже: Балалар тыңдалған музыка туралы өз әсерін айта алады	Дене Тәрбиесі Тақырыбы: Сапта жүру және тепе-теңдік Міндеті: Сапта бір-бірден жүруді және тепе-теңдікті сақтауды үйрету Іс-әрекет барысы: Негізгі қимылдар: Балалар сапта бір-бірден жүреді, гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдікті сақтап өтеді Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдырады Қимылды ойындар: Ойын ережесін сақтай отырып қарапайым қимылды ойын ойнайды Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолдың ластануы туралы әңгіме, қол жууға үйрету		Дене тәрбиесі Тақырыбы: Жүгіру және еңбектеу Міндеті: Шеңбер бойымен жүгіру және алға қарай еңбектеу дағдыларын дамыту Іс-әрекет барысы: Негізгі қимылдар: Балалар шеңбер бойымен жүгіреді, алға қарай еңбектеп қозғалады Жалпы дамытушы жаттығулар: Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру Ырғақтық жаттығулар: Таныс қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Салауатты өмір салты: Тістерді тазалаудың пайдасы туралы түсіндіру	Музыка Тақырыбы: Ақырын және қатты Міндеті: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету Іс-әрекет барысы: Балалар ақырын және қатты дыбысталған музыканы тыңдайды. Музыка ақырын болғанда жай қимылдап, қатты болғанда белсендірек қимылдайды. Қарапайым әнді ақырын және қатты дауыспен айту жаттығылады Нәтиже: Балалар музыканың ақырын және қатты дыбысталуын ажыратады Өрт қауіпсіздігі Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп

	Қазақ тілі Тақырыбы: Бұл емес Міндеті: Есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын дұрыс қолдануға үйрету Іс-әрекет барысы: Тәрбиеші заттарды көрсетіп, дұрыс және бұрыс атаулар айтады. Балалар «емес» шылауын қолданып түзетеді. Қарапайым сөйлемдер құрастырылады Нәтиже: Балалар «емес» шылауын сөйлеуде қолданады "Үнемділікке баулу" Міндеті: Балаларды ресурстарды (су, жарық, қағаз) үнемдеуге үйрету. Ойын: "Кранды жап" Балаларға судың маңызын түсіндіру. Ойын барысында балалар су құятын ыдыстарды толтырып, қажетсіз жағдайда кранды жабуды үйренеді. Қол жуып болған соң, кранды жабу әрекетін қайталау.	Нәтиже: Балалар сапта жүреді және тепе-теңдігін сақтай алады Ұлттық құндылық негізінде үлкенді сыйлау, сәлем беру туралы әңгіме жүргізу. Балалар сахналық жағдаятта үлкенге жол беру, сәлемдесу әрекеттерін көрсетеді Нәтиже: Балалар ұлттық құндылықтарды таниды және қолданады Қаржылық сауаттылық – ақша Іс-әрекет: Жасанды ақша беріп, ойыншық сатып алу ойыны. Ұлттық құндылық: «Еңбек – байлықтың кілті».мақалын қайталату		Нәтиже: Балалар жүгіру мен еңбектеуді үйлестіріп орындайды Цифрлық сауаттылықтың бастапқы түсінігін қалыптастыру Іс-әрекет барысы: телефон, планшет, теледидардың не үшін қолданылатынын түсіндіру. Балалар цифрлық құралдарды ересектер рұқсатымен және уақытпен қолдану керектігін үйренеді Үнемді пайдалану "Киімді күтіп кию" (Киімді ұқыпты қолдануға үйрету) Балаларға киімдерді үнемдеп, таза киіп жүрудің маңыздылығын түсіндіру. Ойын барысында киімдерді дұрыс кию және оны сақтап, ұқыпты болуды үйренеді.	болатын заттарды (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді.Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау. Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету.
Серуенге дайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап)	Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға		Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру,Серуен кезінде қолданылатын	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше,

	дұрыс кию жолдарын көрсету	шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу		ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен	Серуен картотекасы№1 Қысқы табиғатты бақылау: Ағаштарды, қарды, аспанды, жерді бақылау. <i>Сұрақтар:</i> "Қардың қандай түрлерін көріп тұрсыңдар?", "Ағаштарда не өзгерді?" Балаларға қардың жұмсақ, суық, ерігіш екенін зерттеуге мүмкіндік беру. Еңбекке баулу: Қарапайым еңбек дағдылары: Балалар күрекшелермен қарды жолдан тазалайды. <i>Тапсырма:</i> "Жолды тазартып, басқа балаларға ыңғайлы жол жасайық." Аққала жасап, оны безендіру. <i>Сұрақ:</i> "Аққаланы қалай көркейтеміз?" Ойындар: Белсенді ойындар: "Қар жинаушы" ойыны: Балалар күрекшелермен қарды жинап, белгіленген жерге үйеді. <i>Тапсырма:</i> "Кім тезірек қар жинай алады?" Шығармашылық ойындар:	Серуен картотекасы №2 Қарды бақылау Мақсаты: Балаларды қардың қасиеттерімен таныстыру. Бақылау барысы: Қарды алақандарымен ұстап, оның суық екенін сезіну. Қарды қысу арқылы пішін жасау, оның жұмсақ әрі жеңіл екенін байқау. Қардың жер бетін қалай жауып жатқанын және оның ақ түске боялғанын талқылау. "Қарға із салу" Мақсаты: Балалардың моторикасын және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балалар қар бетіне аяқпен, қолмен немесе таяқшалармен әртүрлі іздер салады. Тәрбиеші іздерді сипаттауды немесе қандай пішін екенін айтуды сұрайды: "Бұл қандай із?", "Қай жануардың ізіне ұқсайды?". Ойынның соңында ең ерекше іздерді бірге талқылайды. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған		Серуен картотекасы№4 Құстарды бақылау Мақсаты: Қыстағы құстардың әрекетін байқау және оларға қамқорлық жасау. Бақылау барысы: Ауладағы құстарды (шымшық, торғай) бақылау. Балалармен бірге жем салғыштарға нан қикымдарын салу. Сұрақтар: "Қыста қандай құстарды көрдіңдер?" "Оларға қалай көмектесе аламыз?" "Аққаланы безендіру" Мақсаты: Шығармашылықты дамыту және табиғи материалдарды қолдану. Ойын барысы: Балалар қардан аққала жасайды. Аққаланы безендіруге табиғи заттар (бұтақтар, жапырақтар, тастар) немесе ойыншықтарды пайдаланады. Соңында балалар аққаланы "аты" немесе	Серуен картотекасы№5 Аязды бақылау Мақсаты: Аяздың ауа райына әсерін түсіндіру. Бақылау барысы: Ауада "бу шығару" тәжірибесін жасау (ауыздан шыққан бу). Аяздың ағаштар мен терезелердегі әшекейлерін қарау. Сұрақтар: "Ауа қандай, суық па?" "Терезедегі мұз әшекейлерін кім салады деп ойлайсыңдар?" "Қар лақтыру" Мақсаты: Дәлдік пен шапшаңдықты дамыту. Ойын барысы: Балалар қардан шағын шарлар жасап, белгіленген мақсатқа (мысалы, шеңберге немесе қардан жасалған мұнараға) лақтыруға тырысады. Әрбір дәл соққы үшін ұпай беріледі. (Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған элеменмен таныстыру)

	Қардан мүсін жасау: Балалар қардан мүсін жасап, оны табиғи заттармен (жапырақ, бұтақ) безендіреді. "Қар суреттері" ойыны: Балалар таяқшамен қар бетіне сурет салады. (Мүсіндеу, экологиялық мәдениет, еңбекке баулу, қамқорлық, шығармашылық дағдалырды қалыптастыру)	әлеммен таныстыру сурет салу)		"мінезі" туралы әңгімелейді. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)	
Серуеннен оралу	Балаларды сырттан кіргенде қауіпсізді сақтап реттілікпен кіруге дағдыландыру, сырт киімдерін шешіп, ілуіне көмек көрсету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Сырттан бөлмеге кіргенде реттілікпен қолдарын сабын қолданып жуу қажет екенін ескертіп, жууға көмек беру. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру		Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады тәрбиеші көмегімен Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру
Балалармен жеке жұмыс	Жангүл Кітап оқу: баламен бірге суретті кітаптардан ертегілер оқу, оларды талқылау. Сөздер мен сөйлемдерді толықтыру: баланың өз сөздік қорын байыту. Дыбыстарды айту: нақты дыбыстар мен сөздерді айтуға көңіл бөлу.	Жангүл Моторика Дамыту Мүсіндеу: пластилин немесе балшықпен жұмыс жасау, әртүрлі формаларды құрастыру. Жапсыру: түрлі-түсті қағаздар мен жапсырмаларды пайдаланып, шығармашылық жұмыстар жасау. Дене жаттығулары: ұсақ моториканы дамыту үшін қолмен жаттығулар (мысалы,		Жангүл Ойын Дамыту Құрылыс ойыншықтарымен жұмыс: конструкция құрастыру, логикалық ойындар. Рөлдік ойындар: «Дәрігер», «Дүкен» немесе «Отбасы» ойындарын ұйымдастыру.	Жангүл Саусақпен Сурет Салу Бояу Және Саусақпен Сурет: Саусақтарды бояуға малып, қағазға сурет салу (мысалы, гүлдер, ағаштар, жануарлар). Құмда Сурет Салу: Далада немесе үйде арнайы тақтада құммен сурет салу.

		түймелерді немесе зымырандарды жинау).			
Балалардың үйге қайтуы	Балалардан ертеңгі күнге қандай іспен айналысқысы келетінін сұрау.	Ата-аналарға балалардың бүгінгі белсенділігі туралы айту		.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Қаңтар 2-апта
Ересек 4-жас
Заң және тәртіп айы

Апта Дәйексөзі:
«Тәртіп - тәрбие бастауы»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 12.01.2026	Сейсенбі 13.01.2026	Сәрсенбі 14.01.2026	Бейсенбі 15.01.2026	Жұма 16.01.2026
Балаларды қабылдау	Балаға «Бүгін сені қандай қызық күтіп тұр!» деп ынталандыру. Баланы топқа еркін кіргізу, басқа балаларға қосу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру Күймен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар.

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуника- тивтік, шығармашылық, экспериментал- дық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Тақырыбы: Ақырын сөйлейміз Міндеті: Сөйлеудің баяу қарқынын меңгерту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Тақпақты ақырын, анық айтуға жаттықтыру, тынысқа мән беру Көркем әдебиет: Баяу ырғақты өлең тыңдалып, сөздері бірге қайталанады Нәтиже: Балалар ақырын сөйлей алады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Тақырыбы: Жылдам сөйлейміз Міндеті: Сөйлеудің жылдам қарқынын дамыту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Жаңылтпаштарды жылдам айтуға жаттықтыру Көркем әдебиет: Қысқа, көңілді өлеңді жылдам қарқынмен айту Нәтиже: Балалар сөйлеу қарқынын өзгерте алады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Тақырыбы: Мамандық атауларын бекітеміз Міндеті: Мамандықтарды білдіретін зат есімдерді бекіту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: «Бұл кім?» ойыны арқылы мамандықтарды атау Көркем әдебиет: Мамандықтар туралы әңгімеден сөздерді қайталау Нәтиже: Балалар мамандық атауларын сенімді айтады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	Тақырыбы:Еңбек әрекеттері Міндеті: Еңбек әрекетін білдіретін етістіктерді қолдану Іс-әрекеті: Тіл дамыту: «Кім не істейді?» ойыны арқылы етістіктерді айту Көркем әдебиет: Әңгімеден әрекет сөздерін тауып қайталау Нәтиже: Балалар әрекетті білдіретін сөздерді қолданады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті	тақырыбы: Сөздерді байланыстырамыз Міндеті: Зат есім мен етістікті байланыстырып айту Іс-әрекеті: Тіл дамыту: Сөздерді септіктерде байланыстырып сөйлем құрау Көркем әдебиет: Сөз тіркестері кездесетін мәтінді тыңдау Нәтиже: Балалар сөздерді байланыстырып айтады Тіл дамыту, көркем әдебиет коммуникативтік іс-әрекеті
Таңертенгі жаттығу	Жаттығу 6 «Зырылдауық» Мақсаты: Тепе-теңдік пен дене бақылауын дамыту. Өткізу тәсілі: Балалар бір орындарында қолдарын екі жаққа созып, айналады. Айналғаннан кейін олар түзу тұруға және тепе-теңдікті сақтауға тырысады.	Жаттығу №7 «Қоян сияқты секіру» Мақсаты: Секіру қимылдарын және аяқ бұлшық еттерін дамыту. Өткізу тәсілі: Балалар бірге қосылып секіреді, «қоян сияқты» кіші секірістермен алға жылжиды. Бұл жаттығу аяқтың иілгіштігі мен координациясын жақсартады.	Жаттығу №8 «Жаңбыр жауып тұр» Мақсаты: Баланың қол, иық және бел бұлшық еттерін икемділігін арттыру. Өткізу тәсілі: Балалар алақандарымен «жаңбыр жауғандай» жеңіл қимылдар жасайды, еденге еңкейіп, алақандарымен еденді жеңіл соғады.	Жаттығу №9 Поезд» Мақсаты: Баланың аяқ пен қол координациясын дамыту, жалпы қозғалыс белсенділігін арттыру. Өткізу тәсілі: Балалар бір-бірінің белінен ұстап, тізбектеліп, «поезд» сияқты қозғалады. Қозғалысты басқару үшін тәрбиеші әртүрлі бағытта жүріп, пойыздың бағытын өзгертеді. Балаларға бұрылып, қадамдарын реттеуге көмектесед	Жаттығу №10 «Кішкентай роботтар» Мақсаты: Баланың моторикасын және қозғалыс дәлдігін жақсарту. Өткізу тәсілі: Балалар «кіші робот» ретінде қолдары мен аяқтарын бұрыштармен бүгіп, қатаң қозғалыс жасайды. Әр қозғалыс нақты және баяу болуы тиіс, бұл жаттығу арқылы олар денелерін жақсырақ сезінуді үйренеді.

ҮІӨ дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Музыка Тақырыбы: Баяу және жылдам Міндеті: Музыканың қарқынын байқауға үйрету, әуен ырғағын сезіну Іс-әрекет барысы: Балалар баяу және жылдам әуендерді тыңдайды. Музыка қарқынына сай қимыл жасайды. Әуен ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен жеңіл секіру орындалады Нәтиже: Балалар музыканың баяу және жылдам қарқынын ажырата алады Қазақ тілі Тақырыбы: Сахнадағы көңіл-күй Міндеті: Тілдік дамытушы ортада адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл күйін жеткізуге баулу Іс-әрекет барысы: Тәрбиеші шағын	Дене Тәрбиесі Тақырыбы: Секіру және лақтыру Міндеті: Секіру және тік нысанаға лақтыру дағдыларын қалыптастыру Іс-әрекет барысы: Негізгі қимылдар: Аяқты бірге, алшақ қойып секіру, бір аяқпен оң және сол аяқты алмастырып секіру Лақтыру: 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған нысанаға лақтыру Жалпы дамытушы жаттығулар: Бір аяқты көтеріп, көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру Өзіне-өзі қызмет көрсету: Киімдерін ілу, ересектер көмегімен тазалау Нәтиже: Балалар секіру мен лақтыруды орындауға талпынады Үнемдеу, ұлттық құндылық және цифрлық сауаттылықты дамыту	Дене Тәрбиесі Тақырыбы: Музыкамен қимыл Міндеті: Қимылдарды музыка ырғағымен орындауға үйрету Іс-әрекет барысы: Ырғақтық жаттығулар: Бұрын үйренген жаттығуларды музыкамен орындау Негізгі қимылдар: Шеңберге тұру, қимылды музыка ырғағына сай орындау Қимылды ойындар: Ережені саналы түрде сақтай отырып ойын ойнау Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тамақтанғаннан кейін ауызды шаюды еске салу Нәтиже: Балалар қимылды музыкамен үйлестіре алады Қауіпсіздік «Қауіпсіз – қауіпті» суреттерді көрсету Алма, доп – қауіпсіз	Дене Тәрбиесі Тақырыбы: Қысқы спорт және қозғалыс Міндеті: Қимыл белсенділігін арттыру және спорттық жаттығуларға қызығушылық қалыптастыру Іс-әрекет барысы: Спорттық жаттығулар: Шанамен төбешіктен сырғанау, бір-бірін шанамен сырғанату Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды қимылды ойындарға еркін қатыстыру Салауатты өмір салты: Денсаулықты сақтау туралы әңгіме Мәдени-гигиеналық дағдылар: Серуеннен кейін қол жуу Нәтиже: Балалар спорттық ойындарға белсенді қатысып, қозғалысқа қызығушылық танытады Қаржылық сауаттылық – сандық	Музыка Тақырыбы: Әнді таза айтамыз Міндеті: Әуенді таза және сөздерін анық айтуға үйрету Іс-әрекет барысы: Дауысқа арналған жаттығулар орындалады. Тәрбиеші әнді үлгі ретінде орындайды. Балалар әнді бірге айтып, сөздерін анық айтуға дағдыланады Нәтиже: Балалар әнді таза айтып, сөздерін анық жеткізе алады Адалдық әліппесі негізінде Міндеті: Адал болуға баулу. Іс-әрекет барысы: «Жоғалған ойыншық» ойыны – тапқан баладан шындықты айтуын сұрау. Адалдық әліппесі негізінде Іс-әрекет: «Өз ойыншығын қайтар» ойыны. Ұлттық құндылық: «Адалдық – ардың ісі» мақалын қайталату

	сахналық көрініс көрсетеді. Балалар адамдар мен жануарлардың көңіл күйін мимика, қимыл және сөз арқылы бейнелейді. Кейіпкердің көңіл күйі туралы сұрақтарға жауап береді Нәтиже: Балалар сахналық қойылымда көңіл күйді жеткізе алады "Жарықты сөндірі" Мақсаты: Электр энергиясын үнемдеуді үйрету. барысы: Балалар ойын бөлмесінен шығарда жарықты сөндіруді үйренеді. Мұны әдетке айналдыру үшін, әр шығуда бірге жарықты сөндіріп тұрыңыз.	Іс-әрекет барысы: Балалар жағдаяттар арқылы дұрыс әрекетті таңдайды. Цифрлық құралды шектеулі қолдану, затты үнемдеу, үлкенді сыйлау әрекеттері қайталанады. Қорытынды әңгіме жүргізіледі Қаржылық сауаттылық – сандық Кішкентай сатып алушы» Балалар қуыршақ ақша алып, себетке ойыншық нан, алма, су салады. Ақшаны неге үнемдейміз?	От, өткір пышақ – қауіпті Балалар дұрыс суретті көрсету	Іс-әрекет: Ақшаны сандыққа жинау ойыны. Ұлттық құндылық: «Тиыннан теңге құралады» қайталату	
Серуенге дайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	Балалар тәрбиешінің көмегімен жылы киімдерін киеді. Балаларға серуен барысында жүгірмеу, жолға шықпау, топтан бөлінбеу ережелерін еске салу	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру, Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру. Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.

Серуен	Серуен картотекасы №11 Міндеті: Балаларды бірге ойнауға үйрету. Іс-әрекеттер барысы: Балалар қол ұстасып шеңбер құрады, бірге әндетіп жүреді. «Достар шеңбері» ойынын ойнайды. Жолдан шықпау, тәрбиешіден алыс кетпеу. (мәдениет дағдысы, Қауіпсіздік ережесін үйрету)	Серуен картотекасы №12 Мақсаты: Домалату, лақтыру, ұстау әрекеттерін дамыту. Бөлмеде: Допты домалату, ұстап алу. Далада: Қардан “доп” жасап, бір-біріне лақтыру. Ойын: «Кімге барады?» Барысы: Балалар допты бір-біріне домалатады, “Алу”, “Лақтыр” сөздерін қайталайды. . (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру, қауіпсіздік сақтау дағдысы)	Серуен Картотекасы №13 Міндеті: Достыққа тәрбиелеу. Іс-әрекеттер барысы: «Жел соқты» ойыны. Балалар жан-жаққа тарап, қайта шеңберге жиналады. Бір-бірін итермеу, жүгіргенде абай болу. Желдің әсерін түсіндіру. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)	Серуен картотекасы №14 Тақырып: «Жануарларды танимыз» Мақсаты: Қысқы жануарлармен таныстыру. Бөлмеде: Қоян, аю, түлкі суреттерін көрсету. Далада: Із қалдыру арқылы “кім өтті?” ойынын ойнау. Ойын: «Аю ұйықтап жатыр» Барысы: Балалар аюды оятпай, жай жүріп өтеді. Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру	Серуен картотекасы №15 Тақырып: «Ағаштарға көмектесеміз» Мақсаты: Экологиялық тәрбиені қалыптастыру. Бөлмеде: Ағаштың суретін қарап, жапырақтардың жоқ екенін айту. Далада: Ағаш бұтақтарындағы қарды сілкілеу. Ойын: «Ағашты қорғаймыз» Барысы: Балалар “ағашқа қар көп түспесін” деп сілкілейді. (Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған әлеммен таныстыру)
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Еңбекке баулу
Жеке баламен жұмыс	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Шығармашылық дағдыларды дамыту	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Іс-әрекет барысы:	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Қимыл дағдыларын жетілдіру Іс-әрекет барысы: Ойын барысында ересек	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Сөйлеуді дамыту Іс-әрекет барысы: Балалар кейбір дауысты	Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет: Танымдық-зияткерлік дағдыларды жетілдіру Іс-әрекет барысы: Ересек

	Іс-әрекет барысы: Дөңгелек, ұзын пішінді заттарды суретке салады	Балалар есімін атағанда қол көтеріп жауап береді, өзін айнадан таниды	бақылауымен жүгіру, еңбектеу	және дауыссыз дыбыстарды айтуға жаттығады	үлгісіне сүйеніп қарапайым тапсырмалар орындайды
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиелеу білім беру процесі
2025-2026 оқу жылы
Қаңтар 3-апта
Ересек 4-жас
Заң және тәртіп айы

Апта Дәйексөзі: «Әділ заң - аспан тірегі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.01.2026	Сейсенбі 20.01.2026	Сәрсенбі 21.01.2026	Бейсенбі 22.01.2026	Жұма 23.01.2026
